

СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Жоспары




- Сұраныс заңы. Сұраныстың қисығы
- Ұсыныс заңы. Ұсыныс қисығы
- Сұраныс пен ұсыныстың бірөбіріне әсер етуі.
- Нарықтық тепе-теңдік.
- Икемділік түсінігі.
- Икемділік коэффициенті.




- **Сұраныс заңы** – тауар бағасы мен сұраныс көлемі арасындағы кері қатынастың көрінісі, яғни тауарға баға төмендегенде тұтынушы оны көп мөлшерде сатып алады. Егер тауарға баға өссе, оған деген сұраныс азаяды.
- **Сұраныстың қисығы** – бұл сұраныс заңының графиктегі көрінісі, яғни бұл сызықтағы нүктемелер белгілі бір уақыттағы тұтынушының тауарды қандай бағамен және қанша мөлшерде сатып алатын мүмкіншіліктерін көрсетеді. 7.1. графиктегі көлденең осьте сұраныс көлемі (Q), ал тікелей осьте (P) – тауардың бағасы, сұраныстың қисығы (D).

Нарықтық сұраныс көптеген факторлардың әсерімен қалыптасады. Сұранысқа бағадан басқа да бағасыз факторлар әсерін тигізеді:



Сұраныс графигі





-
- **Ұсыныс** – бұл өндірушінің белгілі бір уақытта, белгілі бір бағамен нарықта сатуға дайындаған тауарларының саны. **Ұсыныс заңы** – бұл баға мен сатылатын тауар санының арасындағы тікелей қатынас, яғни тауардың бағасы өскен сайын оның сатуға дайындаған саны да молаяды (басқа жағдайлар тұрақты болғанда) және де керісінше.
- **Ұсыныстың қисығы** – бұл ұсыныс заңының графиктегі көрінісі, яғни бұл сызықтың нүктелері бағалардың белгілі бір мерзімде өзгеруінен сатушылардың нарықта қанша тауар ұсынатынын көрсетеді.

Ұсынысқа бағадан басқа да бағасыз факторлар әсерін тигізеді:





- **Теңдік баға** – бұл сұраныс пен ұсынысты теңдестіретін, сұраныс пен ұсыныс қисығының қиылысуы арқылы пайда болған баға.
- **Икемділік** - бұл белгілі бір фактордың 1% өзгеруіне жауап ретінде сұраныс пен ұсыныстың қанша процентке өзгергенін анықтайтын көрсеткіш. Ол көрсеткіш проценттік өзгеру қатынастарымен анықталады.
- **Сұраныстың табыстық икемділігі** – бұл көрсеткіш тұтынушы табысының 1% өзгеруі осы тауарға деген сұраныстың қанша процентке өзгередінен көрсетеді. Бұл коэффициент тауардың сапалылығын анықтайды.
- $E_i^D = \frac{\Delta Q}{\Delta I} \%$
-

	Теңдік бағаның өзгеруі	Тауардың теңдік көлемінің өзгеруі
Сұраныстың өсуі	Өсуіне	Өсуіне
Сұраныстың азаюы	Төмендеуіне	Азаюына
Ұсыныстың азаюы	Өсуіне	Азаюына
Ұсыныстың өсуі	Төмендеуіне	Өсуіне



Сұраныс. Сұраныс заңы

